

«Бекітемін»
Халықаралық Тараз
инновациялық институтының
ректоры ф.ғ.д., профессор
Е.Саурықов
« 25 » _____ 2021 жыл

Халықаралық Тараз инновациялық институты **«ADAL BOL QUEST» квест ойынының** **ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже Халықаралық Тараз инновациялық институтында «ADAL BOL QUEST» квест ойынын (бұдан әрі Квест ойыны) ұйымдастыру мен өткізу және оған қатысу тәртібін анықтайды.

1.2. Квест ойынының ұйымдастырушылары – тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, Тәрбие жұмыстары және саналы ұрпақ бөлімі мен Жастар ісі жөніндегі комитеті.

Ақпараттық қолдау – Имидждік жұмыстар және қоғаммен байланыс секторы.

1.3. Квест ойынына қатысушы командалар факультеттің студенттік деканаты мен белсенді студенттері қатарынан жасақталады. Команда құрамы 5 адамнан аспауы қажет: капитан және мүшелері. Команда мүшелері араларынан «Адалдық капитанын» тағайындайды және онымен бірлесе жұмыс атқарады.

1.4. Квест ойынын өткізу үшін Тәрбие жұмыстары және саналы ұрпақ бөлімі мен Жастар ісі жөніндегі комитеті үш бөлімнен тұратын сценарий әзірлейді: ойынның салтанатты ашылуы, тапсырмаларды орындау, жеңімпаздарды марапаттау.

1.5. Квест ойынын өткізуде тең жағдайлар қағидаты басшылыққа алынады. Аталған қағидат квест ойынының барлық қатысушыларына ақпараттың бірдей көлемде берілуін және квест тапсырмаларын орындау кезінде тең жағдайда болатындығын білдіреді.

2. Квест ойынының мақсаты

Студент жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті, парасаттылық пен азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық құбылыстарына төзбеушілікті және қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу.

3. Квест ойынының өтетін орны мен мерзімі

Квест ойыны Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқу ғимараттары мен Студенттер үйінде өткізіледі. 2021 жылдың 5 сәуірінде институттың «Саналы ұрпақ» орталығында командалар тіркеліп, ойын ресми бастау алады.

4. Квест ойынының шарттары

Ойын 4 кезеңнен тұрады. Әр кезеңде жеңімпаз команда анықталып отырады. Қатысушы-командаларға кезеңдерден өту үшін бағыт парақтары беріледі. Командалар кезек-кезек өтіп, маршруттық параққа сәйкес ойынды бастайды. Әр кезеңнің тапсырмасын орындап болған соң, орындалу дәрежесіне байланысты ұпайлар беріледі (1-ден 5 балға дейін).

1 кезең – «Танысу». Әр командаға ватман, түрлі түсті маркерлер таратылады. Ұйымдастыру комитеті арнайы дайындаған тақырыпты айтады. Командалар сол тақырып бойынша 10 минут ішінде плакат әзірлеуі қажет.

Өтетін күні, уақыты мен орны: 05.04.2021ж., сағат 15.00, Қ.Қойгелді көшесі №163 «Саналы ұрпақ» орталығы.

2 кезең – «ADAL BOL QUEST» квест ойынына қатысушы командалар «Жемқорлықсыз болашақ», «Саналы ұрпақ», «Парасатты жас», «Адал бол» т.б. тақырыптарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы 1 минуттық бейне-ролик әзірлеуі қажет. Бейне-ролик көрсетілімі 14.04.2021ж. күні Студенттер үйінің кинозалында өткізіледі. Сағат 15.00, Жамбыл даңғылы №73.

Ескерту: 3 кезең видео көрсетілімнен кейін жалғасады.

3 кезең – «Шытырман тапсырмалар». Студенттер үйінде әр командаға жұмбақ жасырылады. Сол жұмбақты шеше отырып, командалар мәреге жақындай түседі.

4 кезең – шешуші кезең.

• Ойынға қатысушы командаларға ұйымдастыру комитеті арнайы әзірлеген пазлдарды ұсынады. Командалар адалдық, әділдік туралы жазылған пазлдарды құрастыруы қажет. Ұпай орындау уақытының жылдамдығына және сөз мағынасының сақталуына байланысты беріледі;

• Сұрақ-жауап;

• «Адалдық капитандарының» сайысы:

- «Астарлы сілтеме» («Адалдық капитаны» жасырылған сөзді командасына дауыстап айтпай ым-ишара арқылы түсіндіреді, ал команда мүшелері оны табуы қажет);

- «Адалдық капитандарының» сахнада жеке өнер көрсетуі.

Өтетін күні, уақыты мен орны: 21.04.2021ж., сағат 14:00, Желтоқсан көшесі №69, Акт залы.

• Қазылар алқасы қорытынды ұпай санын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамаланады және төрағаның қолымен расталады.

5. Марапаттау

Квест ойынында ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз деп танылады. I, II, III орын алған жеңімпаз командалар арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен, ал қалған қатысушы командалар алғыс хаттарымен марапатталады.

Қатысуға өтінімдер 2021 жылғы 31 наурызға дейін. Жамбыл даңғылы 73, 1 - қабат, 105 каб. мекенжайы бойынша ұйымдастыру комитетіне немесе

e-mail: tigu.kdm@mail.ru поштасына ұсынылуы тиіс. Байланыс телефондары:
8 (7262) 519099; ұялы: 87757725050

Қосымша1

**Халықаралық Тараз инновациялық институты
«ADAL BOL QUEST» квест ойынына қатысуға
ӨТІНІШ**

Факультет _____

Команда атауы _____

Р/с	ТАӘ	Тобы	Байланыс телефоны
1			
2			
3			
4			
5			

Команда капитаны _____
(ТАӘ)